



## ТАРИХ

**Хинаят Бабақұмар**

**ҚАЗАҚ ДӘСТҮРЛІ  
КҮНТІЗБЕСІ МЕН  
ЭТНОАСТРОНОМИЯСЫ  
МӘСЕЛЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ  
ТАРИХЫНАН**

*В статье рассматриваются традиции использования календаря и этноастрономии как составляющей часть народного знания, играющей немаловажную роль в культуре жизнеобеспечения этноса, истоки которого восходят к древнетюркскому периоду.*

*Traditions of using the Calendar and ethnoastronomy as a component of the national knowledge, playing an important role in the culture of life, support the ethnic group which has origins in ancient period are considered in this article.*

Ғасырлар бойы табиғаттағы құбылыстар мен шаруашылықтағы үрдістерді жіті бақылаудан туындап, қалыптасқан, әрі салт пен әдет-ғұрыпта орныққан халықтық дәстүрлі білім, сонын ішінде этноастрономия мен дәстүрлі календарь тақырыбы арнайы тарихи-этнологиялық зерттеу нысанына айналмаған сала-лардың бірі.

Этникалық мәдениетті тарихи-этнологиялық зерттеу объектісі ретінде саралаудың өзі құпиясы мол саланы қамтиды, ғылыми—танымдық бағыт-бағдары, болмысы жағынан әрқилы болып келеді. Сондықтан да мұндай зерттеулер көптеген ғылым салалары мен дисциплиналардың түйісіндегі алуан мәлімет пен деректерді арқау етеді. Сөз жоқ, әңгімеге арқау болып отырған тақырыпқа қатысты деректерге ең алдымен мифтік, фольклорлық, халық ауыз әдебиеті нұсқаларында молынан ұшырасады. Мифтік мәтіндерде Көк тәңірі ықпалына адамзаттың амандық-саулығы тәуелді, аспан денелері мен жұлдыздың адаммен байланыстылығы туралы көп айтылады. Ғұлама Ш.Уәлиханов қазақтың космологиялық, астрономиялық халықтық білімі туралы, жұлдызды аспанның картасы, зодиак пен ай аттары туралы құнды дерек алғашқылардың қатарында (1862ж).

Жалпы қазақ этноастрономиясы мен күнтізбе мәдениеті көне түркіден бастау алады. Әсіресе хайуанаттардың атымен аталатын мүшел циклі ерекше мәнге ие. Оның пайда болуы туралы М.Қашғари түркілердің ұрыс-соғыс болған уақытты естен шығарып, жаңсақтық жібермеу мақсатынан туған дейді. «*Диуани лугат ат түрки*» еңбегінде үлкен Қаған аң аулауға шығып, хайуандарды Іле дариясына қарай айдағанда судан өткен реті бойынша 12 жылға ат берілген деген аңызды келтіреді.

IX-X ғғ.дағы түркі жазба деректерде мүшел циклінің басы қусқу (тышқан), уд-(сиыр), барс, табышқан (қоян), нек- (қасқыр немесе ұлу), жылан, јунд (жылқы), қон (қой), бічін (мешін), тақығу (тауық), ыт (ит), лағзын (қаракерік немесе доңыз). Түрік халықтарында барлығына ортақ, тек ұлуды ұйғыр мен түркі-мендер балық жылы десе, Алтай-Саян түрік-терінде қой мен мешін жылының орны алмасқан.

Ортағасыр түркілерінің этико-дидактикалық ортақ туындысына саналатын «*Құтты біліктің*» V бөлімінде Жүсіп хас Қажыб Баласағұни түркі астрономиясы туралы:

Сәкәнтір (Қоңыркай жұлдыз-Сатурн) бәрін ең үстінен айнар,

Бір бұрұжда екі жыл, сегіз ай қалар,



Соңсон Онай (Есекқырған-Юпитер) болар екінші орында,

Он және екі ай уақыты бар онын да, - дей келе, ары қарай үшіншісі -Күрүд (Қызыл жұлдыз-Марс), төртіншісі - Күн, бесіншісі Сәбит (Шолпан-Венера), онан Арзу (Кіші Шолпан-Меркурий) туралы айтады да он екі бұрұжға (зодиак) тоқталады: Жаз жұлдызы (?) - қозы, соңсон үд (торпак), кейінгілері әрәндір (ерентүз), қушық (саратан), арыстан, бұғдай (сүмбіле) басы, үлгі (таразы), шадан (шаян), иа (сұрмерген), оғлақ, көнек һәм балық жұлдыздарын жылдын қай мезгілінде шығатынына тоқталады» [1].

Онан кейінгі хатқа түскен тақырыпқа қатысты дерек А.И.Левшин еңбегінде ай аттарының құрамы мынадай: көкек -март, апрель-мамыр, мамырай-май, (июнь), ары қарай шілде, сүмбіле, сарша тамыз (сентябрь), қараша-қауыс (октябрь), джюутти часкан (ноябрь), қаңтар (декабрь), джитнунай (январь), бірдин айы (февраль) деп келтіреді [2].

А.Павловскийдің «Астрономические и метеорологические замечания киргиз-кайсаков» атты мақаласында (Оренбургские губернские ведомости 1847, № 2,3) азды-көпті мәлімет келтіреді. Неміс саяхатшылары А.Штубендорф, А.Шифнерлер (1854-1857 ж.) түркі тілдес халықтардың барлығында жыл он үш айдан тұратын жүйе бойынша есептелетіндігі туралы жазған және ол 28 күннен х 13ай барлығы 364 күннен тұратын Күн қозғалысына негізделген уақыт жүйесі дейді. Г.Н. Потаниннің еңбегінде космогониялық, эсхатологиялық мифтерді ғылыми айналымға енгізді.

Патшалық Ресей кезеңіндегі «Туркестанский вестник», «Дала уалаяты газеті», «Тургайская газета» және т.б. баспасөз беттерінде тақырыпқа қатысты бірқатар құнды дерек, мәліметтер жарияланды. Олардың дені - аспан денелерінің сипаты, мүшелмен жыл қайыру және жұттан сақтану туралы халықтық пайымдаулар: Ю.Казбеков мүшелмен жыл қайыру исламға дейінгі үрдіс екендігіне тоқталса, Перовск уезінің бас шенеунігі болған Г.Загряжский есеп ережелердің көшіп қону жайын үйлестіру мәнін айтады [3].

Күнтізбе туралы жалпы культуругенез мәселесі күн тәртібіне қойылған осы кезеңде бұл бағыттағы зерттеулер түрлі ізденістерге толы болды деуге болады. Француз шығыстанушысы Э.Шаванн алғашында 12 жылдық циклдің Азия халықтары мен түркі нұсқаларына (орхон жазулары мен Бируни, Ұлықбек еңбектері бойынша) салыстырмалы-салғастырмалы сараптама жасап, отырып, қытайлар мен көне түріктерде он екі жылдық мүшел б.з.д. I жүзжылдыққа дейін белгілі болған деген қортынды жасады (кейін мұндай мақаланы қазақстандық И.Захарова 1963 ж. жариялады [4].

Белгілі шығыстанушы Д.А.Хвольсон Бируни мен Ұлықбек еңбектері мен Жетісудағы несториан ескерткіштеріне сүйене отырып, түркілердегі мүшел циклы туралы пікір білдірсе, Н.Ф.Катанов Сібір, Саян түркі халықтарындағы ай аттарының атауы шаруашылық, табиғи орта ерекшеліктеріне негізделгендігін, көне түркілерге жақын болып келетіндігіне назар аударады. Атақты түркітанушы А.Н.Самойлович жыл, ай, аптадағы күн аттары тарихи шолу жасайды [5]. Мұнда атақты Дальдың мүшел сипаттамасы туралы Азия музейі қорына түскен «салнама» деп аталатын 4 беттік қолжазбасына шығыстанушы И.Н.Березин сарап жасағандығы (календарьды салнама, салдама делінгендігі М.Жүсіп пен Н.Ондасыновтың еңбектерінде де) айтылады.

Атақты Ә.Диваев күнтізбеден басқа халықтың генезистік, эсхатологиялық мифтер туралы бірнеше аңызды жазып алып жариялады. Оңтүстік қазақтары арасындағы ай аттары хамалмен (амал) басталып, ары қарай сәуір, жауза, саратан, әсет, сүмбіле (бұл айлар жаузадан (32 күн) басқасы 31 күннен тұратындығын айтқан. Әсет айы июльге сәйкес келеді және ол кезде жаз қаңтары басталады, 20-әсетте жаз шілдесі аяқталады [6]. Ә.Диваевтың комментарийінде қазақтарда үш түрлі наурызды атап өтетіндігі туралы ескертеді: 1-марттағы қарт наурыз; 9-марттағы парсы наурызы немесе Самарқанның көк тасы еритін күні; үшіншісі - Кіші жүз, Байұлы байбақтылардың сиық руынан шыққан есепші Қазыбектің жасаған күнтізбесі болғандығына назар аударады (*Словарь Лазаря Будагова. Ч. II.* сілтеме жасайды). Шынымен ертеде қазақтар тұрған аумақтың батыс бөлігінде Қазыбектің күнтізбесі бойынша есептеген және ол жүйенің қарт Наурыздан 12-13 күн айырмасы болған. Кезінде сиық сұлтандалары қатаң ұстанған Қазыбек Наурызы Маңғыстау түбегіндегі қазақтарда көрісу деп аталатын жаңа жылдағы қауышу ғұрпы осыған байланысты орныққан деуге негіз бар.

1916 ж. наурыз айындағы санында жарық көрген Оралдық ұстаз Хасенғали «Қазақша ай аттары» атты мақаласында зауза, сәуір деп аталатын айдың қазақы дәстүрлі атауы өз айы, отжақпас айы аталғандығын баяндайды.

Қазақ этноастрономиясы мен күнтізбесі тақырыбындағы алғашқы іргелі зерттеуге саналатын Б.А.Куфтиннің мақаласында қазақта жыл 13 айдан құралған, күнқайыруды, әлбетте, көктемнен



отамалынан (грегорианша май айынан) бастайды деген В.Радловтын пікірін қуаттайды. Үркер жұлдызы жерге түскен соң жазтоқсанмен шілде айы басталады да, ары қарай сарша тамыз (бір тоғыс), қараша, қыркүйек (мизан), қазан, желтоқсан, екі ағайынды, қаңтар, ақпан, аласапыран, көкек, мамыр, маусым немесе отамалы деген ретпен келеді. Қазақта этноастрономиясы аспанда қозғалмайтын Темірқазыққа жақын жерде Арқан жұлдыз, оған «арқандалған» Ақбозат, Көкбозатқа әлемнің берік, баянды болуы осыларға байланысты дейді (егер «арқаннан жұлдыз ағытылып кетсе қиямет қайым, дүниенің ақыры болады»). Б.А.Куфтиннің зерттеуінің ерекшелігі көптеген мәселенің басын ашуында: Үркер мен Айдың тоғауы, Ай қозғалысының зодиакпен байланысы, ай циклының мәні, араб астрономиясының әсерінен туындаған ай, амал атауларына және т.б. жан-жақты назар аударуында [7].

Ойшыл ақын Шәкәрім Құдайбердіұлы 1918 ж. «Сарыарқа» газетінің бетінде (№25) «Қазақта ай аты жоқ» деген мақаласымен жұртшылыққа үн тастай отырып, ай аты мен шоқжұлдыз аттары араласып кеткендігіне назар аударады. 1923 ж. Орынборда алғаш жарық көрген «Қазақ календарын» шығарушылар ай аттарының арабша, орысша, көне жергілікті атауларды араластырып қолданып келгендігін атап өтеді және бұл қателік сол жылдары жарық көрген «Шаруа календарында» (1920) қайталанады. Тек 1957 ж. бұл қателікті академик Ә.Марғұлан мен М.Әуезов түзеткен [...]

Күнқайырудағы қазақтар ұстанған заңдылықтарды М.Жүсіп еңбектерінен ғана ұшырастырамыз. Онда: августін тоғызында сүмбіле енеді, 17-де астауға мұз қатса, онда 22-февральде күн жылиды дейді. Ақыраптын он бесінде қаз қайтарда мұз, қар түнесе, аперльдің суығы бес он күнге жалғасады; отыз күн ұлу кірсе қаңтар ауады, ұлудың он бесінде аю ақырып айналады [8].

А.Н.Седельников жазуы бойынша қазақтың дәстүрлі күнтізбесінде жыл он екі айға, ай төрт аптадан тұрады дейді. Атақты этнограф С.И. Руденко қазақтар күнқайыруға мұқият қарайтындығына, маусым, ай, күндерге бөлетіндігін айтады. Көңіл аудартар мәселе ноябрьді қыстың басы тоқсан айы, декабрь қаңтар айы, январь-үш тоғыс айы, февраль-бірін айы, март-көкек айы, апрель-мамыр, сентябрь-қазан, октябрь - қараша айы деп келтіреді. Қазақта ай есебін аспандағы Айдың төрт түрге «құбылатынымен» - жаңа ай, маргай (ширек дегені), толықай, ескі ай деп бөлгендігіне назар аударады. Коммунистік репрессия саясатының құрбаны болып кеткен Ф.А.Фиельструптін еңбегінде жыл мезгілдері, жыл басы, күнтізбелік сенім-нанымдар, ай аттарының құрамы мен оның халық пайымындағы мәні туралы мол мәлімет келтіреді [9].

1958 жылы А.Машанов қазақтың дәстүрлі астрономиялық ұғымдарын алғаш рет сараптай, басқа халықтармен салғастырып сараптайды және қазақ мифтеріндегі алыптар туралы ертегілерді арқау етіп алады. Ай аттарының көптеген варианттарын атай отырып оның зодиак атауымен логикалық байланысына мән береді [10].

1955 ж. мақаласында В.Шахматов көшпелілердегі он екі жылдық циклдың шығу тегін күн белсенділігіне тәуелді болатын астрономиялық құбылыстармен байланысты деп жазады және қайталанып келіп тұратын жұтпен тікелей қатысты туған дейді Ал, этнограф И.Захарова керісінше, тотемизммен байланыста қарастырады және ол идеяны археолог Т.И.Сенигова қолдайды. Көк жүзіндегі символиканы 12 хайуан атымен атаған цикл Есекқырғанның қозғалысына негізделген календарды дамытқан дейді мәселені арнайы зерттеген В.Цыбульский [11].

Көне түріктеріндегі календарь тақырыбын зерттеген француз ғалымы Луй Базиннің пікірінше XIII ғ. дағы түрік жұрттарындағы ай аттары мынадай: хуби (үлес), улару (ұлар), көкегу (көкек), бугу (бұғы), қоша (қошқар), өүжин (бәбісек), еури (ұя басар), құлан жуда (жұт), еку боран айы (үлкен боран) деп аталған жүйенің жұқаналары (реликтері) бүгінгі түркі жұрттарының мәдениетінде сақталған. Айдың өзі төрт түрлі болады: жаңа ай, толық ай, ескі ай және ай арасындағы уақыт ай арасы деп атау түркі халықтарында ортақ таным Венгр ғалымы Дьярматидін пайымдауынша түркілерде астрономиялық атаулардың өзіндік ерекшелігі бар дейді. Мәселен, көп халықтардың тілінде Құс жолы, Көкхан (Уран) сияқты астрономиялық атаула парсы, ислам әсерінен ада, таза түркі тілінде айтылады [12].

Сөз етіп отырған тақырыпқа қатысты танымдар мен мәліметтер қазақтардың дәстүрлі астрономиялық түсінігі жалпы адамзаттық мәдени универсалиймен толық үйлесіп жатқандығыны және оның ғылыми негізбен астасып қана қоймай, күнқайыру мен уақыт санау, метеорологиялық циклды анықтауға практикалық маңызы болғандығын кейінгі зерттеулерде көрініс тапқан. Қазақ этноастрономиясы мәселесін алғаш мәрте кешенді түрде қарастырған Х.Әбішев тақырыпқа қатысты жазба, ауызша, тілдік, фольклорлық, мифтік деректер мен мәліметтерді саралай отырып, ұғымдық,



құрылымдық жағын жүйелеп, оның практикалық жақтарын күнтізбе мен этнометеорологияға арқау етілген жақтарын, ұстанатын ережелер мен заңдылықтарды ашып көрсетеді [13].

М.Исқақов еңбектері күнтізбенің жалпы тарихымен қоса қазақта қолданылған зодиак айлары, тоғыс айлары, азаматтық ай, мүшел ай, ай аттарының сипаты, баспа календарь туралы мәселеге жан-жақты тоқталады. Сондай-ақ Орта Азия халықтарының рухани мәдениетінде үлкен із қалдырған ғұламалар Бируни, Омар Хайям, Ұлықбек, әл-Фарабидің күнтізбеге қатысты еңбектеріне шолу береді [14].

Этноастрономия мен күнтізбе, сайып келгенде қазақ этнографиясы мен этнологиясының нақты зерттеу нысанының бірі, әрі бірегейі екендігіне қарамастан соңғы отыз-қырық жыл бойы этноастрономия мен күнтізбе тақырыбын арнайы, кешенді түрде қарастырған іргелі, елеулі зерттеу жарық көрмегендігі өкінішті. Тек И.Захарованың [15] зерттеуі мүшел тақырыбына қатысты ғылымда қордаланған мәселеге талдау жасаған. Қазақ этнографиясы туралы тарихи-этнографиялық ұжымдық монографияда қысқаша шолу беріледі және қазақтағы этноастрономиялық жүйенің қыр-сырына бойламайды, тіптен қанша календарь түрі болғандығын дөп басып айтпайды.

Бұдан кейінгі этнографиядағы локальдық және библиографиялық зерттеулерде азды-көпті ақпаратқа тоқталған зерттеулер бір-бірін қайталау, белгілі таптауырынды шиырлаудан әріге бармайды. Керісінше тілтанушылар мен фольклоршылардың зерттеулерінде біршама қамтылды, әрине филологиялық қырлары тұрғысынан. Онда аспан денелері мен жыл, ай атаулары (оним), олардың түптөркіні, қозғалысы мен өзгеруіне қатысты қалыптасқан тілдік, фольклорлық ақпараттағы кодқа салынған ұғымдар (фразеологизм, парема мен сөз орамдары) мәні арнайы зерттелген (әрине тарихи, этнографиялық тұрғыдан емес). 1977 ж. жарық көрген «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігіне» тілтанушы Қ.Өмірәлиев дайындаған қосымшада ай санау, жыл қайыру туралы мағлұматтар берілген. Тілтанушы О.Нақысбеков, Т.Өмірзақов, әдебиетші М.Мырзахметов космонимдер мен жыл қайырудың жайына назар аударған мақаласында тақырыпқа қатысты мәліметтер ұшырасады. Қазақ күнтізбесі жүйесінің арғы-бергі тарихи, түрлері, қыр-сыры туралы тілтанушы Уәлиев Нұрғелді алғашқылардың бірі болып тақырыпқа тереңдеп бойлай алды: қазақта Қамбар тоғысы деп аталатын жыл бойы Аймен бес мәрте кездесетін жұлдызға негізделген тоғыс жүйесі болғандығын баяндайды [16].

Қазақ археастрономиясына қатысты Н.Бекбасар, күнтізбе түрлерінің математикалық есебі мен ауытқуы аз дәлдігі жоғары жаңаша күнтізбе жасаудың математикалық есебіне қатысты Қ.Қамбаровтың және қазақ этноастрономиясы туралы қаламгерлер К.Жүністегі, Е.Көкеев, С.Кенжеахметұлы және т.б. көптеген авторлар ағымдағы ақпарат құралдары беттерінде бірнеше мақала жариялады және оларда әр өңіріндегі күнтізбеге қатысты атаулардың ерекшеліктері айтылады. Өкінішке орай, олардың көбі түрлі жүйедегі атауларды араластырып алу жиі кездеседі [17].

Шетелде тұратын қандастар арасында сөз етіп отырған тақырыпқа қатысты бірнеше тың деректер жарық көрді және олардың елеулілері қатарында Н. Сұлтаншәріп, Б.Жұмабайұлы, Ш.Рахметұлы, Қ.Қабисатұлы, Т.Әбенайұлы және көптеген авторлар күнтізбе мәселесіне қатысты мақалалар жариялады. Жылдың басы бірдің айымен басталып, ары қарай көкек, мамыр, маусым, шілде, мизам, тамыз, желді, қазан, қараша, қаңтар, үштің айы деген ретпен келетіндігін жазады. Н.Сұлтаншәріптің зерттеуінде бір жылдағы амалдың саны барлығы жиырма төрт 24 деген пікір айтады. Амалдын мырза, көпкөже, масақ, қаражел, боқырау, серне, қырқаяқ деген түрлері назар аудартады [18].

Мәдениеттанушы Ә.Мұхамбетова мүшел есебін тәңіршілдік күнтізбесі ретінде қарастырса, С.Тюхтенева Ай-Күн-Есекқырған қозғалысына негізделген түркі халықтарындағы бұл жүйе туралы ғылыми негізделген салиқалы пікір ұсынады [19].

Соңғы уақытта күнтізбе тақырыбын филология саласында арнайы зерттеген тілші О.М.Әбутәліп зерттеуінде тақырыпқа қатысты парема, прецеденттік мәтіндерді жинап жүйелей отырып, мазмұнын анықтап, ондағы кодқа салынған ақпараттарды зерделеген Зерттеуде ай, жұлдыз есебіне негізделген күнқайыруды жеке қарастыра отырып, ай, амал мен маусымның атауларының құрамына, оның лингвомәдени мәніне арнайы тоқталғандығымен құнды және қазақ





күнтізбесі туралы біршама толыққанды дерек бере алатындығымен құнды. Осы тақырыптың мифтік қырын фольклоршы А.Тойшанұлы монографиясында аспан денелері мен табиғат құбылыстарына қатысты қырларына ден қояды және негізінен көшпелі халықтардағы, яғни солтүстік жарты шардың орта белдеуіндегі халықтардағы археастрономияға қатысты миф, аңыздардың арабайланысын, әлемді танудағы таным-талғамына тоқталады [20].

Осы жолдардың авторының ел аузынан жинастырған материалдағы арасынан күнтізбе мен этноастрономияға қатысты Қазақстандағы қазақы этнофор ортадағы (Маңғыстау, Сарыарқа, Алтай, Баркөл өлкесі, Ақмола тұрғындары) халық санасындағы мәліметтер құнды деректер арасынан құнды деректер әлі де болса кездесетіндігін атап өткен лазым. Ең бастысы шетелдегі және әлі де болса ғылыми айналымға енгізілуі көптеген түйткіл мәселенің басын шешуге негіз бола алатындығын баса айтамыз.

Сайып келгенде, библиографиялық қысқаша шолудан шығатын қортынды қазақтың дәстүрлі күнтізбе, этноастрономия мәселесі тарих пен мәдениеттегі ауқымы кең, әр түрлі дисциплиналар мен ғылым салаларының зерттеу нысанына алынған, бірақ, әлі де болса кешенді түрде, жүйелі зерттеуді талап ететін ғылымдағы өзекті тақырыптардың бірі екендігі, әсіресе тарихи-этнологиялық тұрғыдан ғылым мен техниканың жетістіктері мен ғаламдану заманында ғылыми айналымға түскен бай деректік базаны арқау ете отырып зерттеуді талап ететін мәселе дейміз.

#### Әдебиеттер:

1. Жүсіп Хас Қажыб Баласағұн. Құтты білік. Аударған А.Қ.Егеубай. - Алматы: Өлке, 2006. 188-189 бб.
2. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. - СПб., 1832. Ч. III, С.150
3. Бийсенов М. Уркер. Легенда о Большой медведице // Тургайская Газета. 1897, № 25; Михайлов Н. От чего луна печальна, почему она бледна? // Туркестанские ведомости (ТВ) 1913, 21-июля, № 159; Михайлов Н. Зухра // ТВ. 1913, № 136 және т.б.; Казбеков Ю. Цикловой год у киргиз // ТВ. № 6 за 4-февраля 1875 г.; Загряжский Г. Быть кочевого населения Чу и Сыр-Дарьи // ТВ. 1874, № 25, 27-32
4. Chavannes. Le cycle turc des douze amimaux // T'ouan Pao ou Archives concentrant l'histoire, les langues, la geographie, l'etnographie es les arts l'Asie orientale. Ser 2. Paris-Leiden. 1907. Vol II.
5. Chwolson A. Syrissch-Nestotian Grabinschriftenaus Semirjetshe. СПб., 1890; Катанов Н.Ф. Предания присаянских племен о прежних делах и людях // Записки ИРГО по отд. этнографии. Сборник в честь 70-летия Г.Н. Потанина. 1909. С.269- 277; Самойлович А.Н. Об изменениях в двенадцатилетнем животном цикле у турецких народов // Известия Таврической ученой архивной комиссии. № 49 за 1913 г. С.133-138; К вопросу о 12-летнем цикле у турецких народов // Вост. Зап. ЛИЖВЯ. Том 1. Л., 1927. С.147-162;
6. Диваев А. Месяца по киргизскому стилю с обозначением народных примет // ИОАИЭ при Казанском университете. Том XIII, Выпуск 4, - Казань, 1896. С.283-286.
7. Куфтин Б.А. Календарь и первобытная астрономия киргиз-казацкого народа // Этнографическое обозрение, 1916, № 3-4. С.123-155.
8. Мәшір Жүсіп. Жыл мезгілдері туралы // Шығармалары. 11 том. - Павлодар, 2007. 55-58 б.
9. Руденко С.И. Очерк быта казахов // Казахи. Л., 1930, С. 1-73; Фиельструп Ф.А. Из обрядовой жизни киргизов начала XX века. - Моква: Наука, 2002. С.203-227
10. Машанов А. Аспан ертегілері // Жұлдыз.1958, №7. 103-115 бб.
11. Шахматов В.О происхождении двенадцатилетнего животного цикла леточисления у кочевников // Вестник АН Каз ССР. №1. С.43-53. Цыбульский В.В. Лунно-солнечный календарь стран Восточной Азии с переводом на даты европейского календаря. - Москва, 1987.
12. Bazin Louis. Les calendriers turcs anciens et mediaevaux. Univ de Lille. III.1974, 579p.; Э.Л.Львовна, И.В.Октябрьская, А.М.Сагалаев, М.С.Усманова.Традиционное мировоззрение тюрков Южной Сибири. Новосибирск:Сибирское отделение «Наука», 1987. С.51; Gyarmati Imre. The names of the Milky Way in the Turkic languages //Acta Orientalia Academiae Scientiarum Hung. Tomus XLVI 2-3, 226-233 1992/93.
13. Абишев Х.А. Элементы астрономии и погода в устном народном творчестве казахов. Казгосиздат, А., 1949; Әбішев Х. Аспан сыры. – А.: «Қазақстан», 1966.
14. Исқақов М. Қазақтың байырғы календары. - А., 1960, 1980.
15. Захарова И.В. Двенадцатилетний животный цикл у народов Центральной Азии. Труды ИИАЭ АН Казахской ССР, Том VIII. - А., 1963. С.32-65.
16. Уәлиев Н. Ай аттары асылымыз. Күн қайыру // „Ана тілі” Жылқы жылы 1991, қаңтардың 31. №5;



21-ақпан №8; 7-наурыз, №10; Қой жылы 1992 мамырдың 30, №12.

17. Бекбасар Н. Сказка о том, как появился календарь мушель // Дидар Қазақстан. 1999. № 14; Қамбаров Қ. Қазақтың ұлттық күнтізбесіндегі жылсанау жүйесі // Егемен Қазақстан. 1996ж. 30-қараша №233; Жүністегі К. Бұрынғы қазақтар ауа райын қалай болжаған. // Жас алаш №38. 29 наурыз. 2003 ж.; Көкеев Е. Сыр жылының сыры // Қазақ елі. 1998, №1; Кенжеахметұлы С. Халық ауа-райын қалай болжаған? // Парасат, 2006. №10, 22-23 б

18. Сұлтаншәріп Н. Қазақ күнтізбесіндегі ай амалдары // Ұлттар ынтымағы (Үрімжі). 1994 № 4. 34-44б; Тәукейұлы С. Ата таным. Улаанбаатар, 2006; Әбенайұлы Т. «Наурыз» және Ай мен амал // Мәдениет. 2008, №8,9,10.Қабисатұлы Қ. Қазақ күнтізбесі // Ана тілі, 2009. 22-наурыз

19. Мухамбетова А. Тенгрианский календарь как основа кочевой цивилизации на казахском материале // История и культура Арало-Каспия сборник статей. А., 2001. С.104-129. Тюхтенева С.П. Календарь 12-летнего цикла у алтайцев // Проблемы изучения древней и средневековой истории Горного Алтая. Горно-Алтайск, 1990.С.243-254.

20. Әбутәліп О.М. Қазақ күнтізбесінің лексика-семантикалық бірліктері. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. - А., 2008; Тойшанұлы А. Түрік-моңғол мифологиясы. - Алматы: Баспалар үйі, 2009.